

Сауран ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қарашадағы № 261 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қарашада № 6627-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 26 қарашадағы № 266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 26.11.2025 № 266 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17847 болып тіркелген) сәйкес, Сауран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауран ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сауран ауданы әкімдігінің 2023 жылы 1 желтоқсандағы №361 "Сауран ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6416-13 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сауран ауданының әкімі

М. Тангатаров

Сауран ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 қарашадағы
№ 261 қаулысына қосымша

Сауран ауданының елді мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Аймақ атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Шорнак	Шорнак	2,35
2		Қосмезгіл	1,75
3		Аша	1,75
4	Шаға	Шаға	2,05
5		Бершін төбе	2,05
6		Шоқтас	1,60
7		Қазақстанның 30 жылдығы	2,05
8	Оранғай	Бостандық	1,75
9		Қоскорған	1,85
10		Оранғай	1,85
11	Қарашық	Қарашық	1,95
12		Құмтиін	1,85
13	Жүйнек	Жүйнек	1,95
14		Шыпан	1,95
15		Шекербұлақ	1,95
16	Жібек жолы	30 разъезд	1,85
17		Сауран	1,85
18	Жаңа Иқан	Ибата	1,95
19		Ойық	1,55
20	Ескі Иқан	Ескі Иқан	2,05
21		Мәшһүр Жүсіп	1,95
22	Иассы	Еңбекші Дикан	1,95
23		Шойтөбе	1,85
24	Майдантал	Ынталы	1,95
25		Қаражон	1,95
26		Егізкара	0,80
27	Үшқайық	Теке	2,05
28		Нұртас	2,05
29		С.Қожанов	2,05
30		Жалаңтөс	2,05
31	Бабайқорған	Бабайқорған	1,95
32		Абай	1,95
33		Үлгілі	1,95
34		Құмайлықас	1,95

